




Отношение внутри группы многие отмечают как дружелюбное. Однорूपники помогают друг другу в плане учебы. Ни один из опрошенных студентов не жаловался на проблемы в группе.

ӘОЖ-020300

КУЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІ МӘДЕНИЕТТЕН АЛАТЫН ОРНЫ

Карсакова Ару, Ағыбаев Қуаныш, 1 курс, Сулейман Демирел университеті
Ғылыми жетекші: Phd, аға оқытушы Молдабаева Д.Ж.

Түйін

Орхон жазбаларында Түрік қағанаты дәуіріндегі елдің білім, дүние танымы, түркі халықтарының тарихы мен тағдыры, қарым-қатынастары, жеңістері мен өкініштері, отаншылдық, ерлік, бірлік, намыс туралы түсінігі, наным-сенімі, тәуелсіздік аңсары, осы жолдағы атқарған қызметтері жазылған. Жырларының негізінде түрік руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған.

Аннотация

В Орхонских записях говорится о понятии народа о знаниях, миропознании, истории и судьбе тюркских народов, взаимоотношениях, победах и разочарованиях, патриотизме, мужестве, единстве, чести, о верованиях народа, о мечте быть независимыми, о работе, проделанной на этом нелегком пути. За основу песен взята идея об объединении тюркских племен, об их защите от внешних врагов.

Annotation

Orkhon chronicles are about nation's notion about knowledge, destiny and history of Turkic nations, relations, victories and disappointments, patriotism, bravery, unity, honour, about nation's believes, dream about independence, work done through this long way. The idea about unification of Turkic tribes, about their defense against enemies is taken as the base of songs.

Орхон-Енисей жазуы өзінің жазу ерекшеліктері мен қолдану өрісіне сай Орхон-Енисей және Талас жазуы делініп екі топқа бөлінеді.

Енисей жазба мұралары. Олардың бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисей бойынан табылумен байланысты. Бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған. Енисей жазбаларының жалпы саны - 85 шамалы. Олардың ішінде кіші – кіші жазбалармен қатар ірі тестер кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді. Ең үлкен 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады. Қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түрік жазуының алғашқы шығып қалыптасқан, тараған нұсқасы. Бұл жазу біртіндеп Орхон өзені, одан Талас өзені өңіріне тарады. Бұл тұжырымның шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады. Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеушімен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді.

Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі - 731 жылы өлген хан інісі Күлтегінге, екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға, ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер. Тоныкөк туралы Копенгагиндік профессор В. Томсен мен Клеменц ханымның еңбектерінен мынадай мағлұмат ала аламыз: Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей, Тоныкөк деп табылған ескерткіште ол – үш ханның ақылшысы және Білге қағанның құдасы болған адам. Қытай жазбаларында Тоныкөк жайлы 716 жылы айтылған. Елтерістің патшалық құруында оның қосқан үдесі туралы Қытай және Тоныкөк жазбаларында толық көрсетілген. Көне түркі жазбаларын кейде «руна» жазулары деп атайды. Оның себебі: Сібірде айдауда жүрген швед офицері Страленберг пен неміс ғалымы Д.Г. Мессершмидт кездестірген құлпытастардағы өзі түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде «руна» жазуы деп атаған еді. Бұл сөз термин ретінде бертін келе кеңінен таралып кетті.

Күлтегін ескерткіштерінде мынадай сөйлемдер кездеседі: «Түркі салқын тиып, ел еткендерінді де мұнда бастым, жаңылып кеткендерінді де мұнда бастым. Барлық сөзімді айтар мәңгілік тасқа бастым, бұдан қарап біліңдері түркінің қазіргі халқының бектері» - дейді.

Орхон жазбаларында әскери күш және әскери рух қаншалықты дәріптеліп отырғанына қарамастан одан адамшылыққа жат пиғыл кездеспейді, мәдениетті деген халықтардан шыққан басқыншылардан кездесетін қатыгездік және қатыгездіктен ләззат алу элементтері мұнда атымен жоқ. Жазба ескерткіште империяның құралуы – халыққа көрсеткен қызметін, келтірген пайдам деп түсіндерді.

Ал әскери тұрмысқа келетін болсақ, әрбір, жауынгер соғыста ғана емес, күнделікті өмірде де ержүрек әрі ақылды болуы керек екенін ескертіп отырады.

Жазба ескерткіштегі Білге қаған – үлкен ел басқарушы, Күлтегін - өз заманының даңқты батыры, Тоныкөк - әрі батыр, әрі шешен, жырау, әрі кемеңгер ақыл иесі. Тастағы жазбада Тоныкөк мемлекет қамын ойлайтын басшы түрінде суреттелсе, Күлтегін өз ағасы Білге қаған кезінде әскер басы болған, оның батырлығы сол кездегі ерліктің дара үлгісі ретінде беріледі. Сол жазбалардың ішінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған шешендік сөз үлгілері мен өлең ұйқастары, мақал-мәтелдер, арнаулар мен жоқтаулар молынан кездеседі. Мысалы: «Көрүр көзум көрмес тег бопты, білер білігім білмес тег бопты, «Түн қатып»² деген сияқты

қолданыстар аздаған дыбыстық ерекшеліктері болмаса, күні бүгінге дейін тілімізде сол күйінде қолданылып келеді.

Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тонына, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жыраулардың кейіпкерлеріне, сомды тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данағой білімдарияры өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсірді.

Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық мәдени, әрі әдеби тұрмыс-салт өміріне хабар беретін жәдігерлер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түркі тектес халықтарға ортақ мұраға айналды. Түркінің сары даласының ішкі сырын бойына сіңірген таңбалы тастар қас батырдың ерлігіндей сан ғасырларды аттап, өз заманының шындығымен қайғы-қасіретін, амал-әрекетін бейнелеп еш өзгерместен күні бүгінге жетіп отыр. Болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырған көне түркілік жазба ескерткіштер кең байтақ Қазақстанның барлық аймақтарынан табылып ескерткіштер саны жыл санап өсіп жатыр.

Орталық Азия мен Қазақстан жерлерінен табылып жатқан руникалық түркі жазбалары Орхон таңбаларынан өзіндік ерекшелігімен дараланады. Мұнда Орхон немесе Енисей өзендері аңғарларынан табылған, жазулардағы барлық таңбалардан бөлек өзгеше жазылған көне әріптер кездеседі. Мұның өзі түркі жазуы жүйесінің ертеден қалыптасқан, жүйелі әліппе, жазу мәдениетіміздің тереңде екенін аңғартады.

«Күлтегін» жырындағы мынадай өлең жолдарына назар аударайықшы:

Қаның судай ақты,
Сүйегің тау боп жатты...
Бек ұлдарың құл болды...
Пәк қыздарың күң болды...
Тізеліні бүктірдік,
Бастыны еңкейттік...
Еліміз қайта ел болды,
Халқымыз қайта халық болды.

Міне, осы ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, құлдық пен тәуелсіздік жайында тебірене толғайтын ғажайып жыр жолдарын ақын бұдан бір мың екі жүз елу жылдай бұрын жазыпты. Демек, әрбір шумағы әсем айшық-өрнектерге, сезім толғаныстарына, жанды бейнелерге толы бүгінгі өресі биік поэзияның қайнар-бастауы, түп тамыры көне тарихтың тұңғыық тереңінде жатқаны ғой.

Орхон-Енисей жазбалары — көне түркі жазба тарихи-мәдени ескерткіші. Көп уақытқа дейін сыры беймәлім, қай тілде жазылғандығы белгісіз болып келген. Орхон-Енисей жазбаларын руналық жазбалар деп те атайды (Скандинавия халықтарының тілінде "рунь" сөзі "сыры ашылмаған", "құпия" деген мағынаны білдіреді). Тек 1893 ж. ғана даниялық ғалым В.Томсен құпия жазуды оқудың кілтін ашады. Біраз жылдардан кейін орыс ғалымы В.В.Радлов Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы жазуды толық оқып, аударды. Руна жазуындағы ең үлкен ескерткіштер Орхон мен Енисей өзендері алқабынан табылғандықтан, жазудың өзін де осылайша атап кетті.

Жырға арқау болған негізгі мәселелер - елдің тәуелсіздігі, береке-бірлігі. Күлтегін жырында **сегіз оқиға** баяндалған.

- Біріншісінде, қағанның өз халқына қарата айтқан үндеуі,
- Екіншісінде Түрік Қағанаты жерінің кеңдігін суреттейді,
- Үшіншісінде түркілердің әскери жорықтары,
- Төртіншісінде көршілес табғаштардың қастандық әрекеттері туралы әңгіме,
- Бесіншісінде табғаш тайпасымен қатысу түркілерге қауіпті екендігі жөнінде,
- Алтыншысы түркі халқының болашақты болжай алмауына өкіну,
- Жетіншісі түркі халқының даңқын асырған қаған жөнінде,
- Сегізіншісінде осы ескерткішті жыр қып жазуға түрткі болған жағдайларға тоқталады.

Орхон-Енисей жазбаларының енді бір ескерткіші - Тоныкөк құлпытасындағы жырлар. Онда да сол кездегі түркілердің өмірінен мағлұмат беретін он төрт жол жазылған. Түркі халқының табағаштарға тәуелді болып қалу тарихы, азат қалған түркілердің бірігуі, қаған сайлауы, Тоныкөктің ықпалымен Елтерістің қаған болуы, Оғыз мемлекетінің тыңшылары түркілерге қауіп төндіргені, қарсыластармен болған шайқастар, анталаған жаудың бетін қайтаруда Тоныкөктің ерлігі, ұрыс-шайқастардың жүргізілуі, түркілердің түрлі тайпалармен жауласу жолдары баяндалып, Тоныкөкті мадақтау берілген.

Енисей өзені аңғарынан құпия жазуы бар құлпытастар табылғаны туралы алғашқы хабарды Н.К.Видзен, С.У.Ремезов, сондай-ақ Сібірде айдауда жүрген швед офицері И.Т.Страленберг пен немістің белгілі ғалымы Д.Г.Мессершмид, т.б. бергенін XVIII ғасырдың бас кезінде жазған мақалалары мен хаттарынан білеміз.

1893 жылғы қарашаның 25-күні Дания корольдік ғылым академиясының мәжілісінде Вильгельм Томсен ғылыми әлемді дүр сілкіндірген мәлімдеме жасады. Ғалым Орхон мен Енисей өзендері бойынан табылған ескерткіштердегі құпия жазуды оқудың кілтін ашқандығын хабарлады. Ғалымның ең алдымен оқыған сөздері «тәңірі» және «түрік» деген сөздер екен.

Дәл осы кезде академик В.В.Радлов та өз бетінше ізденіп, руна жазуының он беске жуық әрпін анықтап алған еді. Арада көп уақыт өтпей, В.В.Радлов Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы мәтінді толық оқып, аударып шықты.

Орхон жазба жәдігерліктерін ұзақ жылдар бойы түбегейлі зерттеген білікті ғұламалар М.Жолдасбеков пен Қ.Сартқожаұлының бірлесіп жазған ірілі зерттеуі жарық көрді.

Л.Н.Гумилев Орхон жазба ескерткіштерін «Көк түріктердің өздері туралы» жазған шежіресі деп біледі.

Тасқа жазылған ескерткіштерде негізінен Түрік қағанаты, оны билеген қағандар, олардың ерлігі жайында сөз болады. «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өткен дәуірден нақты мәлімет беруге арналған тарихи деректер. «Күлтегін» жырының басты идеясы – Күлтегін батырды Түрік қағанатының құдіретті тұлғасы етіп көрсету. «Күлтегін» жырының авторы – Йоллыгтегін Түрік қағанатының күш қуаты артты, жері барынша кеңіді, ел тұрмысы түзелді.

Түрік қағанаты тарихында Тоныкөк тұлғасы ерекше орын алады. Ол Елтеріс қаған, Бөгі қаған және Білге қағандарға кеңесші болған. Тоныкөк ел қамын ойлаған ақылгөй, дана қарт. Түрік қағанатына төрт жағынан жау қаптағанда, Тоныкөк ақыл кеңесімен де, тапқыр сөзімен де, батырлық істерімен де қағандарға көмектесіп отырады. Орхон жазба жәдігерліктері ішінде «Тоныкөк» жыры ерекше орын алады. Бұл жырдың авторы бөлек, оны Тоныкөктің өзі жазған деген болжам бар. Екіншісі – руна жазуындағы бұл жәдігерліктерді поэзиялық туындыға тән барлық белгілері бар, ежелгі түркілердің өзіндік әдеби дәстүріне негізделген көркем туынды деп таныды.

Орхон жәдігерліктерінің ерекшеліктері туралы соңғы кезге дейін өзара қарама қайшы екі түрлі көзқарас орын ала келді. Бірі – Күлтегін және Тоныкөк жәдігерліктері көркем әдебиетке, соның ішінде поэзияға ешбір қатысы жоқ, Түрік қағанатының дәлме дәл жазылған тарихы деп қарады.

Орхон жазба жәдігерліктерінің ішінде «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өзінің идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, көркемдік бейнелеуі жағынан қазақтың ерлік пен елдікті жырлаған қаһармандық жырларының алғашқы үлгілері болып табылады.

Ең алғаш рет (1662ж.) Орхон – Енисей жазуы жөнінде хабар берген адам – Амстердам қаласының бургомистрі Н.Витзен.

Ал Орхон – енисей ескерткіштері үлгілерінің алғаш жарық көруі сібірде 13 жыл айдада болған швед офицері Ф.И. Табберт – Страленбергтің атымен тығыз байланысты. Оның 1730 «Европа мен азияның солтүстік және шығыс бөлімдері» атты еңбегінде көне ескерткіштер туралы көптеген қызғылықты аралаған Д.Е.Мессершмидтің күнделік жазбаларында да көне түркі жазбаларының кейбір үлгілері туралы деректер келтірілген. Бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас – орхон ескерткіштері (VIIIғ.) жайында, Білге қағанға, Күлтегінге, тоныкөкке арналған құлпытастағы жазулар жайында.

Онда VIII ғасырдың іргелі мемелкеті – Түркі қағанатының құрамындағы толып жатқан рулардың өзара есепсіз жауласуы, сабылған жорықтары мен соғыстары суретеледі. Бұл ескерткіштердің басты кейіпкерлері хандар, бектер, болғанмен, біз олардан неше түрлі қанау-тонауды көрген, азап-мехнат шеккен бұқара халықтың аянышты өмірін суретеу талабын да анық көреміз.

Енисей, Орхон және Талас жазуларының тарихи тамыры мен оның таралу жолдары жөнінде күні бүгінгіге дейін бірізділік жоқ. Орхон – Енисей әліпбиінің шығуы, түп – төркіні жөнінде түрколог ғалымдар арасында бірталай талас пікірлер бар. В.Томсон, В.Радлов., С.П.Толстов., П.Мелиоронский, С.Доннер, Е.Блоше Орхон-Енисей жазуының әріптерін арамей жазуынан тараған деп қарайды. Онда ол араб жазуымен негіздес болып шығады. Ғалымдардың айтуынша, арамей әріптері көне еврей, сирия әліпбиімен бірге финикия жазуының негізінде пайда болған. Осыған орай, В.Радлов, С.В.Киселев және И.А.Батманов жазуды шығыстан емес, батыстан келген болуы керек деп топшыласа; тарихшы С.Г.Кляшторный бұл әліпбидің Орта Азияға арамей әліпбиін қолданған иран тілді батыс көршілердің ауысуы ықтималдығын айтады.

П.М.Мелиорионский енисей және талас жазулары «таңбалар негізінде пайда болды» деген пікірді сынай отырса да, көне түркі таңбалары осы жазу үлгілерінің негізі болуы мүмкіндігін мүлде теріске шығармайды.

Г.Вамбери Орхон- енисей әліпбиінің ерекшеліктреі жөнінде айта келіп: «Бұл әліпби ықшамды емес, сондықтан VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпалары емес», — деп қарады. П.Мелиоранский болса, керісінше, енисей, Орхон және талас әліпбиін сол кездегі «түркі тайпаларының аталбы мен қажетін өтей білген, түркі тайпалары тілінің дыыстық ерекшеліктерін дәл бере алған» деп бағалады.

XVIII ғасырдың басы еді. Орыс армиясының қолына түскен тұтқын швед офицері Филипп Иоганн Страленберг Сібірді түгел аралап, Орхон өзенінің бойын жағалай жоғары өрлеп келе жатты. Ұзақ жүрді, бірақ бұл өңірден пәлендей тіршіліктің белгісін көре алмады. Әбден шаршап-шалдыққан саяхатшы алдағы жолдың қызығынан біржолата күдер үзгендей еді, бір кезде сонау көз ұшынан бұлдырап сағымға малтыққан кереметті көзі шалғандай болды.

Қызыл көрген бүркіттей шаршағанын ұмытып, Иоганн жүрісті жылдамдата түсті. Жақындаған сайын оны әрі үрей, әрі өзгеше бір жұмбақ сезім билей бастаған тәрізденді. «...Зәулім тастар, белгісіз таңбалар, тас болып қатып қалған адамдар... Әйтеуір ұзына бойы созыл-ған, қол қусырып мөліген тас мүсіндерде шек жоқ. Бұл не ғажап? Табиғаттың өзі жасаған күдірет пе, жоқ олде адамның сиқырлы қолынан туған керемет пе?!» Ол ұзақ ойланды, ұзақ толғанды; бірақ түпсіз шыңырау, тұңғиық ойдың түбіне жете алған жоқ.

1889 жылы орыс зерттеушісі Н.М.Ядринцев Орхон өзенінің бойына, Енисей өзені сағасынан табылған ескерткіштерден әлдеқайда үлкен белгісіз таңбамен жазылған зәулім қолдан қашалған төрт қабырғалы биік тасты көреді.

Н.Ядринцев тасқа мынадай сипаттама береді: биіктігі – 3,5 метр, төменгі ені -1,32 метр, жоғарғы жағының ені 1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішкере береді. Жоғарғы бөлігі өрнектелген тастың төртжағ бірдей жазылған батысқа қараған бетінде қытай жазуы да қалған қабырғасы бірдей руналық жазумен толған. Көп кешікпей Н.Ядринцев Россия археологтарының 8-ші конгресінде ғалымдардың назарын сол орхон бойындағы көне мұраларға аударады. Осыдан бастап бұрын тек Енисей ескерткіштері депкна аталып келген жазбалар енді. Орхон яки Орхон Енисей жазулары деген атқа ие болды. 1892 жылы сы екі экспедицияның да қорытындысы жазбалардың суретімен екі үлкен атлас түрінде жарияланып бұл атлас дүниежүзі ғалымдарынң алдына ауыр да жауапты міндет – жазудың сырын оқу міндетін қояды. Міне дәл осындай зерттеуші – дания ғалымы Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгель Томсен болып шықты.

1877 жылы бслып шықан ерте русь және скандинавияның өнері өзара қатынастанына арналған тарихи еңбегінен соң Томсен оңтүстік сібірден табылған Орхон енисей ескерткіштерін зертеуге біржолата ден қояды. Ақыры 1893 жылы орхон жазуының «кілтін» табады.

Біздің ғалымдарымыздың көбісі осылай «кілтін» тапты деп жалпылама бір сөзбен ғана айтып жүр де, ал қалай тапқандығы туралы мәселенің ең қажеті жағы айтылмай келеді. Ғалымның назарын енді мына бір таңбаларын (оңнан солға қарай оқимыз). і – р – ң – т, демек тәңрі («тәңірі, аспан, көк» құдай мағынасында – М.Ж) деп оқиды. Ғалымның назарын енді мына бір таңба тобы аударарды. өйткені бұл ескерткіш тастың біреуінде де кездеседі де, екіншісінде кездеспейді. Томсон мынадай шешімге келеді. Бұл таңба осы ескерткіш арналған бетің ия батырдың есімі болуға керек. Қытай тексінде оның аты – Кюэ-те-гин. Қытай тілінде сөздің соңғы буында л дыбысының болмайтындығын және басқа тілден ауысқан сөздерді беруде л – дың түсіп қалатындығын ескере отырып зертеуші таңбалар тобын Күлтегін деген сөзбен салыстырады. Дәл осы принциппен қарағанда қытай тексіндегі Би-кя ескерткіштің (екінші таста) мынадай таңбалар тобымен сәйкес келеді. Оның мағынасы білге деген сөзді білдіреді.

Енді Томсен ескерткіштің екеуінде қайталана беретін таңбалар тобын тексереді. Бұл сөздің құрамындағы алғашқы үш таңба ғалымға белгілі. Ежелегенде оңнан солға қарай мұның әдепкі үш дыбысы түр болып шығады. Демек бұл түрк деген сөз болу керек.

Ескертетін бір жай қытай текстерінен аталған ескерткіштің тілі қай халықтікі екендігі турасында мәлімет болатын ол қытайша – ту-кюэ халқы. Демек бұл сол кешде белгілі болған барлық түркі халықтарының тілінен әлдеқайда әрідегі таза түркі диалектісінің тілі.

Сонымен Моңғолия жерінде Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштерді кім жасаған және олар бүгінгі халықтардың қайсысына жақынырақ. Ескерткіштерді жасаушыларда оның бас кейіпкерлері де түркі халқы, түркі жері, оның батырлары. Ал көне түркі дегенді көбіне көне қазақ тайпалары деп ұққан жөн болады.

СДУ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТАНУ ҮРДІСІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Далабай А., Ақбанбай. А., Керимкулова А.

Адам баласы дүниенің есігін ашқаннан бері әлеуметтену үрдісінде болады, яғни қоғам арқылы өзінің жеке тұлға ретінде қалыптасу үстінде болады. Біз өмірімізде бірнеше әлеуметтену институттарынан өтеміз. Солардың ішінде, тұлға ретінде қалыптасуына ең маңыздыларының бірі - университет.

Өз сөзімізді бастамас бұрын әлеуметтену үрдісі дегеніміз не екенін айтып кетейік. Адам баласы дүниенің есігін ашқаннан бері әлеуметтену үрдісінде болады, яғни қоғам арқылы өзінің жеке тұлға ретінде қалыптасу үстінде болады. Біз өмірімізде бірнеше әлеуметтену институттарынан өтеміз. Солардың ішінде, тұлға ретінде қалыптасуына ең маңыздыларының бірі - университет. Неге олай екеніне бірнеше себептер келтіре кетейін. Біріншіден, студент өтпелі кезеңнен өтіп, толыққанды болмаса да жеке « мен»-і қалыптасады, екіншіден ЖОО-на түсерде адам өзінің өмірінде ең маңызды шешімдердің біреуін қабылдайды, яғни мамандығын таңдайды, үшіншіден алдыңғы қатарлы ЖОО-да Қазақстанның шет-шетінен студенттер жиналады, солармен қарым-қатынас жасау арқылы, солардың ділімен, салт-дәстүрлермен танысып, адамдармен тіл табысу қабілеті жоғарлайды, төртіншіден өзіне жақын достар табасың, өйткені қызығушылықтарын бір, ортақ тақырыптар көп болғаннан кейін олармен уақыт өткізу қызық болады, бесіншіден өз-өзіне деген жауапкершілігін асады, ата-анасы алыста болған студенттер өздері шешім қабылдап үйренеді.

Ал енді, СДУ студенттерінің әлеуметтену үрдісіндегі мәселелерге тоқталатын болсақ. Әр ЖОО студенттердің әлеуметтену үрдісіне барынша қолайлы жағдайлар жасауы керек. Соған орай біз СДУ-дың ішіндегі бірнеше мәселерге тоқталып кеткіміз келеді:

1. Кредитті система арқылы оқығандықтар студенттер оқушылар мен сабақ кестесін өздері таңдауы керек. Алайда бізде олай емес! Кредитті система болғандықтан